

"Таңбалануға жататын тауарлар тізбесін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі № 568 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 28 маусымдағы № 516 қаулысы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Таңбалануға жататын тауарлар тізбесін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі № 568 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен айқындалған таңбалауға жататын тауарлардың тізбесінде: ескертпенің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"*** 2024 жылғы 1 шілдеден бастап – ветеринарияда қолданылатын дәрілік заттар мен вакциналарды қоспағанда, 2024 жылғы 1 шілдеден бастап өндірілген, дозаланған дәрілік нысандар түрінде (трансдермалық жүйелер нысанындағы дәрілік заттарды қоса алғанда) немесе бөлшек саудаға арналған қалыптарға немесе орамдарға өлшеп оралған дәрілік заттарға қатысты міндетті таңбалау;"

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2024 жылғы 1 шілдеден бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов